

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі

**«Жас Ұлан», «Жас Қыран»
ұйымының жұмысы**

2023 – 2024 оқу жылы
Жүзімдік ауылы

ТУРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС
АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№31 Ш.УӘЛИХАНОВ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА
№31 ИМЕНИ Ш.УАЛИХАНОВА»
ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Жүзімдік ауылы, Б.Қалмаханов көшесі №86

С.Жузумдик.улица Б.Калмаханов №86

БҰЙРЫҚ
№ 160

ПРИКАЗ
№ 01.09.2023 ж.

«Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар
мен жасөспірімдер ұйымын құру туралы

Мектепте ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жаңашыл тұлға қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдар құрылсын.
2. Мектепте жас ұрпаққа тәрбие беруге жағдай жасау, биік нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік тудыру, тәрбие жүйесінің жаңа молелін дамыту барысында мектепшілік белсенді оқушылардан «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымы құрылып, іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілсін.
3. «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының жұмысын жүргізу жауапкершілігі аға тәлімгер О.Жақсыбаеваға жүктелсін.
4. Осы бұйрыққа сәйкес тиісті жұмыстарды үйлестіру, басшылық пен бақылау жасау және орындалу жауапкершілігі мектеп директорының орынбасарлары К.Усенов пен Р.Есжановаға жүктелсін.

Мектеп директоры:



А.Камбарова

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ**

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ**

**«№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Мектепшілік «Жас ұлан» балалар мен
жасөспірімдер ұйымы**

2023-2024 оқу жылы

«Жас ұлан» ұйымы

Мектепішілік «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы

Мақсаты: ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында республика бойынша барлық өңірлерде «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жандандыру.

Міндеттері:

- Жасұландықтардың қоғамдық белсенділіктерін арттыру;
- Оқушылардың танымдық қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру;
- Оқушыларды қоғамдық пайдалы шараларға тарту;
- Балаларды заманға сәйкес дамытып, оларды жаңа қатерлер мен зиянды әрекеттерден қорғау;

«Жас Ұлан» ұйымы қызметінің бағыттары:

1. Отан – елін, жерін, құндылықтарын сүю, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру бағыты;
2. Зерде – интеллектуалдық даму, зерделі түрде алдына мақсат қоя білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу бағыты;
3. Руханият – оқушыларды жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, көркем-эстетикалық қасиеттерге тәрбиелеу, волонтерлік қызметті дамыту бағыты;
4. Салауат – салауатты өмір салтын ұстануға, спортпен шұғылдануға бағыт беру, денешынықтыру мәдениеті мен психикалық денсаулығын қалыптастыру бағыты;
5. Еңбек – мектеп қабырғасынан кәсіби мамандыққа бағдар беру, кәсіби үйірмелерде жұмысқа тарту, еңбекке деген құрметті сіңіру бағыты.
6. Эко-әлем – қоршаған ортаны аялауға, жан-жануарларға қорған болуға, экологияны жақсартуға бағытталған жобалар жасауға бағытталған бағыт;
7. Жеті жарғы – құқықты мәдениетті қалыптастыру, жас азаматтарға өздерінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге арналған бағыт.

Назарға:

1. 2021 жылы мектептердегі Жас Ұлан ұйымының өкілдерімен ұйымдастырылған барлық шаралар Ұйымның 10 жылдығына орайластырылып өткізілуі тиіс.
2. Барлық шараларда «Жас Ұлан» ұйымының логотипі қолданылуы тиіс.
3. Өткізілген немесе жоспарланған шаралар туралы ақпаратты әлеуметтік желілерде орналастырылған кезде #ЖасҰлан#JasUlan хештегтерін қолдануы тиіс.
4. Ауқымды іс-шара өткізілер алдында қосымша материалдар жіберілетін болады. (тұжырымдама, өткізу ережесі, нұсқаулық және т.б.)

Білім басқармасы «Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі балалар өкілдігі» мен «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің біріктірілу жұмыстары жасалуда.

1. Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі балалар өкілдіктері (бұдан әрі – Балалар өкілдіктері) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің (бұдан әрі – БҚҚК) жанынан құрылады және Қазақстан Республикасы балаларының қоғам мен мемлекет өміріне қатысу құқығын іске асыратын балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі бірлестіктер болып табылады.
2. Балалар өкілдіктері өз қызметін БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясына, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы», «Білім туралы» Заңдарына, қолданыстағы заңнамаға, балалар мүддесіндегі мемлекеттік саясатқа және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
3. Балалар өкілдіктерін құрудың негізгі мақсаттары:

- 1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- 2) балалардың қоғам мен мемлекет өміріне қатысуының өзекті проблемаларын шешуге жәрдемдесу;
- 3) балалардың, қоғамның және мемлекеттің игілігі үшін балалардың әлеуметтік бастамаларын және балалардың қоғамдық бірлестіктерін қолдау.

Негізгі міндеттер:

- 1) балалар мүддесінде мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу;
- 2) балалар бірлестігін, балалардың әлеуметтік бастамаларын және балалардың, қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін жобалық қызметті мемлекеттік қолдау бойынша бастамалар енгізу;
- 3) балалардың өзекті мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға балалардың ғылыми және шығармашылық әлеуетін тарту;
- 4) «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына сәйкес балалар ортасында жоғары адамгершілік-рухани және құқықтық мәдениетті, патриоттық сезімді, азаматтық жетілуді және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру.

Балалар өкілдіктері барлық білім беру ұйымдарында құрылады.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Жеті жарғы» бағыты бойынша сайланған белсенді және жауапты оқушылар осы мектептің балалар өкілдігінің мүшелері болады. «Жеті жарғы» бағытының қызметі - құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жас азаматтарға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

«Жеті жарғы» бағыты мүшелерінің және тиісінше білім беру ұйымының балалар өкілдігінің саны дербес айқындалады.



«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры:

А.Камбарова

**№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінің
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының іс-шаралар жоспары
2023-2024 оқу жылы**

№	Іс – шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Бағыт	Жүзеге асыру мерзімі	Жауапты
1	Мектепішілік «Жас Ұлан» командасын бекіту, «Жас Ұлан» мектеп комитетінің жұмысын жандандыру	Іс-шаралар	Зерде	қыркүйек	Тәлімгер, «Жас Ұлан» ұйымы
2	«World Cleanup day» Бүкіләлемдік тазалық күні	«Жас Ұлан» ұйымының командасымен сенбіліктер өткізу	Эко әлем	19 қыркүйек	Тәлімгер, «Жас Ұлан» ұйымы
3	«Жүгір және тазала» қалалық плогингтер сериясы.	Қатысушылар мектеп ауласын тазалайды. Жиналған қоқыс көлемі бойынша жарысады. «Жүгір және тазала» плогингін ұйымдастыру және өткізу.	Эко әлем	Қыркүйек-қазан	Тәлімгер

		Жарыяланымдарды орнату кезінде #TAplogging» хэштегін пайдалану керек.			
4	Ұстаздар күніне арналған онлайн мерекелік құттықтау «Бәрекелді!» интеллектуалды шоуы	Жас Ұлан ұйымының түлектері мен мүшелерінің мектеп ұстаздарына арналған құттықтаулары	Зерде	Қазан	Тәлімгер
5	Жастар мен балалар арасында интернетке тәуелділіктің алдын алу деңгейін анықтау	Жастар мен балалар арасында интернетке тәуелділіктің алдын алу мақсатында тесттер өткізу	Салауат	Қыркүйек	Тәлімгер
6	Қала күніне орай «Оралым-бақыт мекенім» онлайн бейнерепортаж байқауы	Бейнерепортаж, үздік бейнерепортаж авторларын марапаттау	Отан Эко әлем	Қыркүйек	Тәлімгер, «Жас Ұлан» ұйымы
7	«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер» ұйымының 10 жылдығына орай өткізілетін облыстық, қалалық форумдарға қатысу	«Жас Ұлан» ББЖҰ» РҚБ құрылғанына 10 жыл толуына арналған офлайн және онлайн түрде өтетін іс-шараларға қатысу	Отан	Жыл бойы	Тәлімгер, «Жас Ұлан» ұйымы
8	Қысқа метражды фильмдердің ашық конкурсына қатысу	Жастар мен балалар арасында интернетке тәуелділік, құмар ойындары және кибербуллинг деңгейі жоғары өңірлерді анықтау үшін өткізілетін республикалық байқауға қатысу. Байқаудың мақсаты: қоғамның назарын осы мәселеге аудару.	Салауат Руханият	Қазан	Тәлімгер
9	«Жас Ұлан» ұйымының таңертенгілік сенбілік топпен жүгіруі	Мектеп-лицей оқушыларының спортқа деген бейімін арттыру, сенбілік топпен жүгіру	Салауат	Жыл бойы	Тәлімгер, Ұланбасы

№	«Татулық тұлғасы, бірліктің өсетін» тимбилдинг минуттары (топ құру, көшбасшылықты қалыптастыруға бағытталған тренинг ойындары)	Ойын, тренингтер	Зерде	Төңкеріс демалыстар 2021-2022 оқу жылы	Тәлімгер
			Руханият		
11	Ұланбасының сайлауалды бағдарламасы бойынша кітап клубын ашу	Мектеп оқушыларының бойында кітап оқуға деген құлшынысты арттыру, кітап клубының мүшелерімен тәжірибе алмасу.	Зерде Отан	Қазан	Тәлімгер, Ұланбасы
12	«Жас Ұлан» бойтұмарын әзірлеуге арналған республикалық байқау	«Жас Ұлан» ББЖҰ» РҚБ бойтұмарын әзірлеуге республикалық байқауға қатысу	Еңбек	Қыркүйек-қараша	Тәлімгер
13	«Jas Ulan Talks» форматында белгілі тұлғалармен кездесулер	Ашық диалог алаңын құру арқылы өңірде танымал азаматтармен кездесулер ұйымдастыру	Зерде	Жыл бойы	Тәлімгер
14	«Ең Үздік «Жас ұлан» бұрыштары мен бөлмелерінің қалалық байқауы	Әр мектеп өз «Жас Ұлан» ұйымы туралы ақпараттық бұрыш пен бөлмелерді байқау ережесіне сай жасақтау	Зерде	Қараша	ДТДЖО Тәлімгер
15	ҚР Тілдер күні мерекесіне орай «Тіл-достықтың тірегі» атты өзге ұлт өкілдері арасында өткізілетін қалалық фестиваль	Қала мектептері арасында өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру мақсатында өнер және шығармашылық шарасы	Руханият	Қыркүйек	Тәлімгер
16	Экологиялық бейнероликтердің республикалық байқауы	Экологиялық бейнероликтердің республикалық байқауына қатысу	Эко әлем Руханият	Қараша	Тәлімгер
17	«Мейірімді жүрек» акциясы . (Ардагерлерге қолғабыс таныту)	Жас Ұландар бойында мейірімділік, қайырымдылық қасиетін арттыру.	Руханият	Қазан	Тәлімгер, «Жас Ұлан» ұйымы

18	Қазақстан Республикасының Жас Ұлан ақпараттық тазарту акциясы	Тәлімгерлер арасында акция өткізу	Эко әлем	Қараша	Тәлімгер
19	«What? Where? When?» интеллектуалдық турнирі	Экобілімділер турнирін өткізу	Эко әлем Зерде	Қараша	Тәлімгер
20	Дүниежүзілік балалар күніне арналған дөңгелек үстел	Дүниежүзілік балалар күніне арналған дөңгелек үстелдер аясында балалардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелерін талқылау	Жеті Жарғы	20 қараша	Тәлімгер, «Жас Ұлан» ұйымы
21	«Жас Ұлан» мен үшін ...?» челленджі	Ұйымның 10 жылдығына арналған «Жас Ұлан» мен үшін ...?» челленджіне қатысу. Челлендж ұйымның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жүзеге асырылады. Челленджді қолдаған қатысушылар жарияланымды #ЖасҰланМенҮшін хэштегімен жариялауы тиіс.	Отан	Желтоқсан	«Жас Ұлан» ұйымы
22	«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына жаңа мүшелерді қабылдау	Жарғыға сәйкес Жас Ұлан ұйымы қатарына жаңа мүшелер 5-сынып оқушыларын салтанатты түрде қабылдау іс-шаралары	Отан	1 – 15 желтоқсан	Тәлімгер, «Жас Ұлан» ұйымы
23	Қалалық «HANDMADE» шеберлік сынаштар байқауы және «Дармарка – заттарға екінші өмір сыйла» акциясы.	Ескі заттарды қоқысқа тастамай, қажеттілікке жаратуға бағытталған шара.	Еңбек	Желтоқсан	Тәлімгер
24	Балалардың құқықтарын сақтау іс-шарасы «Құқығым бар» тренингі	Мектеп Ұланбасы тренинг өткізеді.	Жеті жарғы	Желтоқсан	Тәлімгер Ұланбасы

					Талантасы
26	Балалар өкілдіктері көшбасшыларының құқық қорғау бойынша мониторинг жүргізуі	Бала құқығын қорғау бойынша көшбасшылар мектепте балалардың құқықтарын сақтауға мониторинг жүргізеді	Жеті жарғы	Жыл бойы	Тәлімгер
27	Балалар мен жасөспірімдер қызметін насихаттау жөнінде облыстық және өңіршілік БАҚ беттеріне ақпарат тапсыру	Мақала		Жыл бойы	Тәлімгер
28	«Жас Ұлан» ұйымының әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларын дамыту, әлеуметтік желілерді қолдану арқылы мектепшілік іс-шараларды таныстыру жұмыстарын жүргізу.	Желілерге материалдар орналастыру. Оқушылардың, ата-аналардың және аға тәлімгерлердің «Жас Ұлан» ұйымының әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына жазылуын қамтамасыз ету: Instagram @jasulan_gz @restart_social @birgemiz_taza_alem Facebook @Жас Ұлан Ұйымы @ Киелі табиғат @ ReStart Social @ Birgemiz Taza Alem		Жыл бойы	Тәлімгер «Жас Ұлан» ұйымы
29	Жоспарға сай ұйым жұмысын кеңінен насихаттау	Желілерге материал орналастыру, мақала жазу, өткізілген іс-шаралар бойынша есеп беру, анықтама, хаттамалар дайындау.	7 бағыт бойынша	Жыл бойы	Тәлімгер

Тәлімгер:  Г.Мусақұлова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі



«ЖАСҰЛАН» ҰЙЫМЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

2023-2024 оқу жылы



«ЖАС ҰЛАН» ұйымы – Республикалық бірыңғай "Жасұлан"балалар және жасөспірімдер ұйымы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болып табылады. "Нұр Отан"ХДП ХІІІ съезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның жас азаматтарының басын біріктіретін "Жас ұлан"бірыңғай балалар ұйымының жаңа жүйесін құру керектігін атап өткен болатын. Тәуелсіздіктің жылдығына орай 2011 ж. 6 шілдеде "Елорда күніне"орай "Бірыңғай "Жас ұлан"балалар мен жасөспірімдер ұйымы"республикалық қоғамдық бірлестік құрылды. 26 тамыз күні "Жас ұлан"ұйымының құрылтайы өтті. Ұйымның Кеңес мүшелері, жұмыс жоспары қабылданды, ресми нышандары бекітілді.

«ЖАСҰЛАН»-өскелеңұрпақтыжоғарырухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым. "Жас ұлан"өз қызметінде ҚР-ның Конституциясын, заңнамасы және де басқа нормативтік құқықтық актілерін, ҚР-да ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алады.



"Жасұлан" ұйымының рәміздері:

ту, галстуг, төсбелгі, эмблема

«ЖасҰлан» ұйымына қабылдауды жүзеге асырушылар:

6-9 жас - Жас қыран,

10-16 жас-Жасұлан,


мектеп басшылығы,

ұйым жетекшісі,

сынып жетекшілер,

ата - аналар.


«ЖасҰлан»және«ЖасҚыран» ұйымдарыныңресминышандары



«ЖасҚыран»белгісі.

Қыран бейнесі қазақ елінің өскелең ұрпағы қырандай күшті, білімді, әрқашанда биік шыңдардан көрініп, алғыр болуының айғағы. Белгінің жоғарғы оң жағында шуағын шашып тұрған күн бейнеленген. Күн - жастарға болашаққа нық сеніммен қарауға жол ашады. Жалпы күн бейнесі өміршеңдіктің, байлықтың белгісі.


Төсбелгікөлемі10мм*20мм.Темірденжасалған көк сары түс.



«ЖасҰлан»белгісі.

Дөнгелек шар тәрізді форма. Шар - өмір мен мәңгіліктің бейнесі. шардың жоғары жағында өрнек - бұл қазақстанның төбесінді мәңгілік күн жарқырап тұруының белгісі. Бейбітшіліктің, тұрақтылықтың нышаны. шардың ортасында Алтын адам бейнеленген, ол еліміздің Тәуелсіздігініңсимволы.

Төсбелгі көлемі 15мм*15мм.Темірденжасалғанкөк сарытүс.



«ЖасҰлан»галстугі.

Ашық көк түсті оң жақ бұрышында ұйымның белгісі тігілген. Көк түс - жастарымыздың білімі теңіздей терең, бейбіт өмір сүру мен тәуелсіз болуының нышаны және молшылықтың белгісі.



«ЖасҰлан» ұйымына қабылданушының анты

Мен, -----, Республикалық бірыңғай «ЖасҰлан» және
«ЖасҚыран» балалармен жасөспірімдер ұйымының қатарына
кіре отырып:

Өз Отаным – Қазақстан Республикасының патриоты болуға;
Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге;
Туған елім, жерім, Отанымды мақтаныш етуге;
Ата-анамды қадірлеуге;
Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;
Білімге табандылықпен ұмтылуға;
Салауатты өмір салтын ұстануға;
Табиғатты аялауға;
«ЖасҰлан» Ережесін бұлжытпай сақтауға және оны
өз достарымнан талап етуге ант етемін.

Біздің жерлестеріміздің аңқты ерлігіне негізінде ерлікке үйренуге және Отанға шексіз қызмет етуге салтанатты түрде

АНТ ЕТЕМІН, АНТ ЕТЕМІН, АНТ ЕТЕМІН!



«Жасұландар»әні

Әні мен сөзін жазған

Ұ. Ж. Жаналиева

1. Біз ұланы қазақ елінің
Туған жерін, сүйген Отанын.
Әке жолын, ана мейірімін,
Бойға жиған қасиетін.

Қайырмасы:

Жас ұлан, қалыспа!
Қырандай қарышта.
Еліміздің абройын
Асқақтатып әлемге
Нық ұстайық байрағын!

2. Көп білуге ұмтыламыз
Өнер, білім, ғылымға.
Кеудемізде ар мен намыс
Жетелейді бізді алға.

Қайырмасы:

Жас ұлан, қалыспа!
Қырандай қарышта.
Еліміздің абройын
Асқақтатып әлемге
Нық ұстайық байрағын!



Мектепішілік «ЖасҰлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер
ұйымына қабылданған оқушылар саны:

«ЖасҚыран» төменгі буын мүшелері–

«ЖасҰлан» жоғарғы буын мүшелері–





Ұйымның мақсаты:

Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, біліммен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

Ұйымның міндеттері:

Қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.



**«ЖасҰлан»ұйымының мақсаты мен міндеттеріне
сүйене отырып, жұмысымызды мынадай
Басты бағыттары арқылы жүзеге асырамыз:**

- 1. ЗЕРДЕ**
- 2. РУХАНИЯТ**
- 3. ОТАН**
- 4. САЛАУАТ**
- 5. ЕҢБЕК**
- 6. ЖЕТІЖАРҒЫ**
- 7. ЭКОӘЛЕМ**

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі



ҰЛАНБАСЫ

Аты-жөні: Құдайберген Нурайым Нурбекқызы

Туғанжылы: 12.10.2007ж.

Мектебі: №31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі

Сыныбы: 10«б»

«Ұланбасы» - «Жас Ұлан» көшбасшысы, оқушылардың өзін-өзі басқару органның жетекшісі болып есептеледі, мектеп оқушыларының қоғамдық қызметін басқарады, оқушылар мен мектеп әкімшілігінің өзара қатынастарын жүзеге асырады, мектеп қызметін жақсарту мақсатында өзінің және оқушылардың атынан ұсыныстар енгізеді, оқушылар мен ұстаздар арасында туындаған мәселелерді шешуге атсалысады, түрлі әлеуметтік жобалар мен шараларды ұйымдастырады.

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі



«Зерде»бағытының жетекшісі

Аты-жөні: Егемберді Айдана Әуезқызы

Туғанжылы: 24.03.2009ж.

Мектебі: №31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі

Сыныбы: 9«в»

«Зерде» (танымдық) бағыты – өзін-өзі тану, отбасы және қоршаған орта туралы толық білу, осы заманғы ғылыми және мәдени біліммен қарулану, өз елінде және өзге елде болып жатқан жаңалықтармен танысу. Сабақтан тыс уақытта оқушылардың зияткерлік деңгейінің көтерілуін, жан-жақты көзқарасының кеңеюін жетілдіруге үнемі ізденіс пен білімге деген құштарлығын арттыруға ықпал ететін шараларды қамтиды.

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі



«Руханият»бағытыныңжетекшісі

Аты-жөні: Ескендір Ақниет Дәуренқызы

Туғанжылы: 02.10.2009ж.

Мектебі: : №31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі

Сыныбы:9«Б»

«Руханият» (адамгершілік, адалдық) бағыты – балалар мен жас жеткіншектерді жалпы адамгершілік қасиеттерге ие болуға және Отанға, еңбекке, жалпы қоршаған ортаға, өзінің жеке тұлғасына деген сезімін тәрбиелеу.Дамужәнедамыту,ізгілік пен парасаттылық қасиеттерінсiңдіру. Жақсылықатаулығадегенсезiмдіарттыратын,жамандыққажолбермейтін; ата-ана, туыс, достар, ұжым, халқы, Отан алдындағы парызды сезінетін, адалдық, адамгершілік ұстанымдарды берік сақтауға үйрететін шараларды қамтиды.

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі



«Отан»бағытының жетекшісі

Аты-жөні: Жаппар Бексұлтан Баратұлы

Туғанжылы:25.07.2009ж.

Мектебі: : №31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі

Сыныбы:9«а»

«Отан» (патриоттық) бағыты – Отанымыз – Қазақстанның өткен тарихы мен оның қалыптасу, даму, нығаю жолдарымен таныстыратын, халық тарихына қатысты ұлы тұлғалар жөнінде білім беретін, әдеби және мәдени құндылықтарды насихаттайтын, шет елде тұратын қазақ балаларымен байланыс орнатуға ықпал жасайтын, жалпы халықтық мейрам-мерекелерді өткізуді, мемлекеттік тілді меңгертіп, оның қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған шараларды қамтиды.

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі



«Салауат»бағытының жетекшісі

Аты-жөні: Мырзағали Аяулым Бақытжанқызы

Туғанжылы: 14.02.2009ж.

Мектебі: : №31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі

Сыныбы: 9«а»

«Салауат» (салауатты өмір салты) бағыты – ағзаны шынықтыратын, дененің дұрысқалыптасуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ететін, гигиеналық дағдыларға баулитын, ұлттық ойындарды игеретін, олардың пайда болу және даму тарихымен таныстыратын, салауатты өмір салтын насихаттайтын, ірі спорттық жетістіктерге ынталандыратын, әр кезеңдегі спорт саңлақтарының өмірі мен спорттағы жетістіктерімен таныстыратын шараларды қамтиды.

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі



«Еңбек» бағытының жетекшісі

Аты-жөні: Курбанали Айқын Төребекұлы

Туғанжылы: 21.08.2008ж.

Мектебі: : №31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі

Сыныбы: 9«б»

«Еңбек» (еңбексүйгіштік, іскерлік) бағыты – жеке тұлға ретінде қалыптасуға ықпал ететін қоғамдық негізде ұйымдастырылған жұмыстарға қатысу, өзі тұратын өңірде кең таралған еңбек түрлерімен танысу арқылы қажетті еңбек дағдыларын үйрену. Туған өлкесіндегі әр кезеңде еңбегімен танымал болған атақты тұлғалардың өмірі мен еңбектегі жетістіктерімен танысып, оны мақтаныш етуге, өнер түрлері (қолөнер, сурет, мүсіндеу, архитектура, т.б.) туралы түсініктемелерін кеңейтуге, еңбек рахатын, сұлулығын сезіне білуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы ортпа білім беретін мектебі



«Жетіжарғы» бағытының жетекшісі

Аты-жөні: Турлибекова Арайлым Рахмановна

Туғанжылы: 15.09.2008ж.

Мектебі : №31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі

Сыныбы: 9«А»

«Жеті жарғы» (құқықтық) бағыты – мектеп Жарғысын, оқушыларға арналған мінез-құлық ережелерін білуге, оны сақтауға, мемлекет пен оның заңдарына құрметпен қарауға, жеткіншектердің күнделікті өмірде өздерінің жүріс-тұрысына басшылық жасай білуіне ықпал ететін, өз мемлекетінің азаматтарына қамқорлықпен қарап, ел байлығын халық игілігіне жұмсауға ат салысатын оқушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыруға, заң бұзушылыққа қарсы күресуге ықпал ететін шараларды, жастар арасында әртүрлі жүргізілетін әлеуметтік-құқықтық маңызы бар шараларды қамтиды.

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі



«Экоәлем» бағытының жетекшісі

Аты-жөні:

Туғанжылы: 21.02.2009ж.

Мектебі: №31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі

Сыныбы: 9«В»

«Экоәлем» (экологиялық) бағыты – табиғат туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат пен адамзат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаған орта сұлулығын көре білуге, оны қорғауға, туған өлке табиғатын танып білуге, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, экологиялық зардаптардың себебін түсініп, оны жоюға ұмтылдыратын, жалпы экологиялық мәселенің адамзат тіршілігіне тікелей байланысын сезінуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі
Жас Ұлан Жас қыран ұйымы Кеңес құрамының отырысының
хаттамасы.**

24.10.2023 жыл

Жүзімдік ауылы

Қатысқандар – 70 оқушы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Жас Ұлан Жас қыран ұйымына қабылдау туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша мектеп тәлімгері Г.Мусакулова сөз алып, «25-қазан Республика күні!» мемлекеттік мерекесіне байланысты 2-5 сынып оқушыларын ұйымына қабылдау рәсімі болып өткенін айтты. Іс-шара барысында атқарылған жұмыстар жайында егжей-тегжейлі таныстырып өтті. 2-5 сынып оқушыларына ұйым жайында, ұйымның ережесімен таныстырып өтті. Басты мақсат оқушылардың мектепте жақсы білім алуы тәртібі болуы қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуы керектігін ескертіп өтті.

Сөз алғандар: Жас Ұлан және Жас Қыран ұйымының мүшелері қабылдау рәсіміне 2-5 сынып оқушыларын құттықтады. Оларға оқуда озат тәртіпті болуға шақырды. Мектебімізде қоғамдық жұмыстарға белсенді болуға шақырды.

ЖИНАЛЫС ҚАУЛЫСЫ:

- 1. Мектепте Жас Ұлан Жас қыран ұйымына қабылдау рәсімі
қанағаттанарлық деп есептелсін.**

Жиналыс төрайымы:



Г.Мусакулова

Хатшы:



Г.Мухамедова